

**Түркістан облысындағы басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесін және басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 16 маусымдағы № 163 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 маусымда № 4128 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 5 мамырдағы № 112 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы әкімдігінің 05.05.2020 № 112 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 16.11.2018 № 311 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14780 болып тіркелген "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 4-3/177 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 29 бұйрығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

#### 1. Мыналар:

1) Оңтүстік Қазақстан облысындағы басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі осы қаулыға 1-қосымшаға;

2) Оңтүстік Қазақстан облысындағы басым дақылдар өндіруді субсидиялау жолымен өсімдік шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға,

жанар-жағармай материалдары мен көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауыл шаруашылығы дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарының құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялануына және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жолдануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.С.Жамаловқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Ж.Түймебаев*

*Д.А.Сатыбалды*

*Ә.Е.Тұрғымбеков*

*Ж.Қ.Бөкенбаев*

*Б.С.Жамалов*

*Е.Ә.Садыр*

*Ұ.Сәдібеков*

*А.С.Сәбитов*

*К.Н.Мендебаев*

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2017 жылғы "16" маусымдағы  
№ 163 қаулысына 1-қосымша

## **Түркістан облысындағы басым ауыл шаруашылығы дақылдарының тізбесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 16.11.2018 № 311 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

р/с №	Басым дақылдардың атауы
1.	Күріш
2.	Мақта

Оңтүстік Қазақстан облысы  
әкімдігінің 2017 жылғы "16" маусымдағы  
№ 163 қаулысына 2-қосымша

**Түркістан облысындағы басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығының шығымдылығын және өнім сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық - материалдық құндылықтардың құнын субсидиялар нормалары**

**Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Түркістан облысы әкімдігінің 16.11.2018 № 311 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

р/с №	Басым дақылдардың атауы	1 тоннаға арналған субсидиялар нормалары, теңге
1.	Қайта өңдеу кәсіпорнына қайта өңдеуге тапсырылған немесе сәйкестік сертификаты бар өзінің қайта өңдеу құрылымдарына қайта өңдеуге өткізілген күрішке	4 000
2.	Мақта өңдеу зауытына қайта өңдеуге тапсырылған шитті мақта	12 000